

## 2007 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 сәуірдегі N 394-III шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 15 мамырда N 2490 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275 / 1711 / - М Ш х а т ы м е н .**

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 462 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық Кодексінің 19 бабына және Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2006 жылғы 4 қазандағы № 295-б бұйрығына сәйкес, III-сайланған облыстық мәслихат кезекті XXIV сессиясында ш е ш і м е т т і :

1. 2007 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары төмендегі қосымшаларға сәйкес белгіленсін:

1) тұрақты көздерден атмосфералық ауаға шығарылған ластағыш заттар эмиссиясы үшін төлемақысы (1 қосымша);

2) жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға шығарылған ластағыш заттар эмиссиясы үшін төлемақысы (2 қосымша);

3) су объектілеріне, сүзгілеу алаңдарына, жер бедеріне, жинақтағыштарға, жер қойнауына ластағыш заттарды тастағаны үшін эмиссия төлемақысы (3 қосымша);

4) улылық сыныптарына қарай өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны, сақтағаны (көмгені) үшін эмиссия төлемақысы (4 қосымша);

5) атмосфералық ауаны жылулықпен ластағаны үшін аймақтық төлемақысы (5 қосымша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін ( М . Ш ы р д а б а е в ) .

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап к ү ш і н е е н е д і .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың XXIV  
сессиясының төрайымы,*

*мәслихат хатшысы*

Атырау облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2007 жылғы  
11 сәуірдегі N№394-III шешіміне  
№1 қосымша

Атмосфералық ауаға тұрақты көздерден шығарылған ластағыш заттар үшін эмиссия төлемінің аймақтық нормативтері (ставкалары) (шартты тонна).

|               |                     |
|---------------|---------------------|
| Аймақ         | теңге/ шартты тонна |
| Атырау облысы | 2748                |

Атырау облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2007 жылғы  
11 сәуірдегі № 394-III шешіміне  
№ 2 қосымша

**Атмосфералық ауаға жылжымалы көздерден (автокөліктер, тепловоздар, өзен және теңіз кемелері, жол-құрылыс, ауыл шаруашылығы, басқа да іштен жанатын қозғалтқыштармен жабдықталған техникалар) шығарылған ластағыш заттар эмиссиясы үшін нормативтік төлемдер (ставкалары)**

| №  | Отын түрлері          | Теңге/нақты тонна |
|----|-----------------------|-------------------|
| 1. | Этиленбенген бензин   | 414               |
| 2. | Этиленген бензин      | 516               |
| 3. | Дизель отыны          | 653               |
| 4. | Сұйытылған мұнай газы | 372               |
| 5. | Табиғи газ            | 252               |

Атырау облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2007 жылғы  
11 сәуірдегі N№394-III шешіміне  
3 қосымша

**Қоршаған ортаға ластағыш заттарды тастағаны үшін эмиссия төлем (ставкасы) нормативтері (шартты тонна)**

|       |                    |
|-------|--------------------|
| Аймақ | Теңге/шартты тонна |
|-------|--------------------|

|                                                                  |       |
|------------------------------------------------------------------|-------|
| Су объектіліріне                                                 | 20504 |
| Сүзгіден өткізу алаңдарына, жер қойнауына, жинақтаушы тоғандарға | 19170 |

Атырау облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2007 жылғы  
11 сәуірдегі N№394-III шешіміне

№4 қосымша

Улылық сыныптарына қарай өндіру және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны, сақтағаны (көмгені) үшін эмиссия төлемі нормативтері (ставкалары) (нақты тонна)

| №  | Қалдықтардың улылық сыныбы | Балл саны | Қауіптілік дәрежесі         | Төлем нормативі ставкасы теңге/нақты тонна |
|----|----------------------------|-----------|-----------------------------|--------------------------------------------|
| 1. | 1                          | 32        | Төтенше қауіпті             | 41032                                      |
| 2. | 2                          | 16        | Жоғары дәрежеде қауіпті     | 20516                                      |
| 3. | 3                          | 4         | Бірқалыпты дәрежеде қауіпті | 5130                                       |
| 4. | 4                          | 2         | Төмен дәрежеде қауіпті      | 2565                                       |
| 5. | 5                          | 1         | Улылықсыз                   | 1282                                       |

Атырау облыстық мәслихаттың  
XXIV сессиясының 2007 жылғы  
11 сәуірдегі N№394-III шешіміне

№5 қосымша

Атмосфералық ауаны жылулықпен ластағаны үшін аймақтық төлем нормативтері (ставкасы) (Гкал).

|                                                        |               |
|--------------------------------------------------------|---------------|
| Аймақ                                                  | Өлшем бірлігі |
| Атырау облысы                                          | Теңге/Гкал    |
| Алауларда газ жағудан атмосфераның жылулықпен ластануы | 516           |